

## НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ АУМАҒЫНДАҒЫ ТУРИСТЕР АҒЫНЫН БАҒАЛАУ ӘДІСІ

Ермек Мадина Таубежанқызы

[e.madina\\_2000@mail.ru](mailto:e.madina_2000@mail.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
Туризм мамамандығының 2 курс студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – А. Баймбетова

**Аннотация.** Туризм саласы Қазақстан Республикасында негізгі бағыттардың бірі болып табылады. Қазақстанда туризмді дамытудың негізгі мақсаты аса тиімді және бәсекеге қабілетті заманауи туристік кешенді құру және бұл базада саланы экономика секторы ретінде дамыту, әлемдік туристік нарық жүйесіне интеграциялау және туризм саласындағы одан әрі халықаралық ынтымақтастықты дамыту үшін жағдайлар қамтамасыз ету.

Мақалада Нұр-Сұлтан қаласының аумағындағы туристермен өзге Қазақстан қалаларынан келген туристер және шетелдік туристер ағының есептеуге негізгі әдістемелік тәсілдер талданды. Сонымен қоса, туристер ағынының бағалануы қолданыстағы әдістемелердің шектеулері зерттелді, көліктік статистика және туристік орналастыру статистикасы деректерін есептеу кезінде пайдалану мүмкіндігі бағаланды, шығу және ішкі туристік ағындардың көлемін есептеуге мүмкіндік беретін коэффициенттер ұсынылды. Қазіргі таңда туризм саласы әлуметтік келеңсіздіктерді шешуге кішігірім үлесін қосуда. 2019 жылдың соңындағы жағдай бойынша Нұр-сұлтан қаласының жиынтық туристік тұтыну көлемі мен құрылымы ұсынылды.

**Кілтті сөздер:** туризм, ішкі туризм, шығу туризм, статистика, орналастыру, туристер ағыны.

Туристік ағындарды бағалау әдісі және Нұр-Сұлтан қаласының экономикасына туризмнің қосатын үлесін әзірлеу міндеті жиынтық туристік ағынның көлемін есептеу механизмі сияқты, сондай-ақ Нұр-Сұлтан қаласының аумағында жиынтық туристік тұтынуды бөлу механизмін және оның жалпы өңірлік өнімге (ЖӨӨ) қосқан үлесін түсіндіру және негіздеу болып табылады. Қазіргі даму кезеңінде Нұр-Сұлтан қаласының аумағына туристік ағынның жиынтық көлемін бағалау әдістемесін әзірлеу қажеттілігі мынадай себептерге байланысты:

- 1) қазіргі уақытта статистикада туристік ағынның көлемі мен құрылымын сипаттайтын дайын материалдар жоқ;
- 2) мемлекеттік статистика органдары жинайтын статистикалық ақпарат толық емес деңгеймен сипатталады;
- 3) ведомстволық статистиканы алу мен талдаудың қиындығы;
- 4) туристік саланың Нұр-Сұлтан қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуына тек қолда бар статистикалық көздерде ғана қосқан үлесін нақты бағалауға практикалық мүмкіндік жоқ.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы аумағында келу және шығу туристік сапарлар санының ресми статистикалық әдісі жұмыс істейді. Осы әдісті республикалық деңгейде пайдалану үшін ұсынылды. Бұдан басқа, аумақта туристік ағындарды бағалау үшін қазақстандық және шетелдік туристерді қонақ үйлерде және басқа да ұжымдық орналастыру құралдарын есепке алуға негізделген әдістеме арқылы пайдаланылды.

Қазіргі таңда статистикалық сипатты жинау әдістері елеулі шектеулермен

сипатталады. Мысалға, туристік ағынның көлемін бағалау үшін көліктік статистика деректерін қолдануда шектеу бар. Олар:

1) Нұр-Сұлтан қаласының аумағына келгендердің барлығы келудің жалпы көлемінде турист болып табылмайды;

2) халықаралық және қалааралық автобустармен жолаушылар тасымалдау бөлімінде сұр тасымалдау үлесі бар;

3) жекелеген ведомстволардың белгілі бір мақсатына жиналатын ведомстволық статистиканы талдаудың қиындығы.

Табиғи туристік ресурстарды бағалаудың бірнеше түрі бар. Олар:

1) технологиялық – рекреациялық қызметтің қандай да бір түрі үшін ресурстардың функционалдық жарамдылығы бойынша бағалау;

2) физиологиялық – жайлылық дәрежесі бойынша бағалау;

3) эстетикалық – сыртқы тартымдылыққа, эстетикалық қасиеттерге байланысты бағалау;

4) құнды – жердегі ресурстың шектеулігін, оның бірегейлігін, сондай-ақ сапасын ескере отырып бағалау;

5) өзін-өзі қамтамасыз етуді бағалау – ресурстың осы мақсатты түрі туристік ағындарды қамтамасыз ете отырып (тиісті инфрақұрылым құру кезінде) басқа нысаналы ресурстардан тәуелсіз болатындай бағалауды болжайды немесе ол тек басқалармен үйлесе отырып қызығушылық білдіреді;


6) туристік ресурстардың кешенділігін бағалау – қандай да бір жерге (қалаға, ауданға) қатысты, оның шегінде әртүрлі ресурстар ең аз уақыт шығынымен және орын ауыстыруға арналған қаражатпен қол жетімді;

7) ресурстың туристік сыйымдылығын бағалау – уақыт бірлігіне қандай ағын немесе аудан бірлігіне есептегенде қандай жүктеме осы ресурсты оған зиян келтірмей ұстап тұруға қабілетті.

Суретте санаториялық-курорттық ұйымдармен демалушылар мен келушілердің саны, орналастыру статистикасының деректері бойынша алынған есептік деректерді салыстыру схемасы ұсынылған.


Нұр-Сұлтан қаласының аумағына туристік ағынның жиынтық көлемін есептеу үшін мерзімнен тыс әлеуметтік зерттеулердің нәтижелері негізінде туристік келулерді есептеуді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін түзету коэффициенттерін әзірлеу қажет. Бұл ретте іріктемелі әлеуметтік зерттеулерді 3 жылда 1 рет жүргізген жөн, ал түзету коэффициенттерін таңдап алынған тексерулер жүргізілмеген жылдар үшін есептеу үшін пайдалануға болады.

Туризм индустриясының табысты дамуы жоғары сапалы және дамыған көлік жүйесінің болмайынша мүмкін емес. Туристік ағымның ұлғаюы көбінесе халықаралық көлік қызметтерінің сапасы мен көлеміне байланысты. Қазақстанға туристер ағынын ұлғайту үшін трансшекаралық авиа тасымалдарды дамыту және күшейту аса маңызды мәселе болып табылады. Келу және ішкі туризмнің дамуына әсер ететін негізгі факторлардың бірі жолаушылар авиатасымалдары болып табылады. Басты бағыт – келу туризмі, әуе көлігі – жер туризмі көлігінің негізгі түрі ретінде маңызды рөл атқарады. Сондай-ақ, билеттердің қолжетімді бағасына байланысты темір жол көлігі республика халқының негізгі бөлігінің жүріп – тұруының тасымал құралы болып табылады. Соңғы жылдары туристік мақсатта автокөлік белсенді пайдаланылуда.



Сурет-1. Әр түрлі әдістермен алынған туристік ағынның көлемін салыстыру [1].

Екінші суретте аймақтардағы туристік инфрақұрылым және көлік инфрақұрылымының көрсеткіштері мен статистиканың 2018 жылғы деректері егжей – тегжейлі көрсетілген.



Сурет-2. Көлік инфрақұрылымының көрсеткіштері [2].

Орналастыру – туризм қызметінің ең маңызды элементі. Орналастыру жоқ болса – туризм да жоқ. Орналастыру құралдары мен жүйелері – негізгі құралдар болып табылады. Орналастыру құралдары мен жүйелері – сервистің әр түрлі деңгейімен уақытша түнеуге қабылдау және арнайы бейімделген әр түрлі типтегі және түрдегі қонақ үйлер болып табылады (шалаш немесе бунгалодан бастап супергигант қонақ үйіне дейін). Туристерді орналастыру құралдары туристерге эпизодтық немесе үнемі түнеу үшін орын беретін кез келген объектілер болып табылады (әдетте үй-жайлар). Халықаралық практикада ДТҰ сарапшылары әзірлеген туристерді орналастыру ортасының стандартты классификациясы бар. Ол бойынша барлық орналастыру құралдары екі санатқа бөлінеді: ұжымдық және жеке болып. Бірақ Қазақстанның статистикасына көз жүгіртсек Нұр-Сұлтан қаласында көптеген туристер осы жердегі таныстары мен достарының үйіне орналасуды қалайды.

Қорытындылай келе, Қазақстан Республикасының астанасы Нұр-Сұлтан қаласына келетін туристер ағымы қазіргі таңда өте жоғары. Бірақ статистика мәліметтері көрсеткендей әр турист әртүрлі үй-жайларда орналасқанды қалайды, тіпті өздерінің таныстарының үйіне де орналаса береді. Сол себепті де Нұр-Сұлтан қаласының орналастыру орындары толыққанды толықтырылмайды. Ал қала экономикасын дамытқымыз келсе, бұл территорияда орналастыру орындарын жаңаша бағытта, заманауи жабдықтармен жабдықтап туристерге ұсыну керек. Сол кезде туристер орналастыру орындарына қызығушылықтарын оятып, сол орындарды тандайды. Бұл қала экономикасының жоғарылауына өз септігін тигізеді. Сонымен қатар, осы территорияда туристер ағымының көбеюіне себеп көлік инфрақұрылымының жақсы деңгейде дамуы. Себебі, туризм саласында инфрақұрылым айтарлықтай жоғары деңгейді алады. Сондықтан туризмнің дамуы, яғни Нұр-Сұлтан қаласының территориясында туристер ағымының көбеюіне тікелей себепкер көлік инфрақұрылымы болып есептеледі. Алдағы уақытта осындай қарқынмен көлік инфрақұрылымы дами бертін болса Нұр-Сұлтан қаласының территориясында туристер ағымы одан да көбейіп қала экономикасын, ел экономикасын жоғары деңгейге жеткізеді.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі. Статистика комитеті [Электрондық қор]. – Кіру тәртібі: <https://stat.gov.kz/api/getFile/?docId=ESTAT238188>
2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі. Статистика комитеті [Электрондық қор]. – Кіру тәртібі: <https://stat.gov.kz/api/getFile/?docId=ESTAT099976>